



ХҒТАР 16.21.49  
Ғылыми мақала

К.М. Тұрғанбаева\*<sup>1</sup>, Қ.Қ. Саркенова<sup>2</sup>, Н.Б. Тоғызбай<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>Ұлттық тестілеу орталығы, Астана, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>kymbat-9697@bk.ru\*, <sup>2</sup>sarekenova\_kk@enu.kz, <sup>3</sup>nurgul.9bai@bk.ru)

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ БАС КИІМ АТАУЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі бас киім атауларына қатысты фразеологизмдердің мазмұндық ерекшеліктері, семантикалық құрылымы мен мәдени астары сараланып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу жұмысы түркі халықтарының ортақ тілдік архетиптері мен мәдени жалғастығын ашуға, сондай-ақ фразеологизмдердің ұлттық болмысқа қатысты көрінісін нақтылауға үлес қосуды мақсат етеді. Зерттеу нысаны ретінде екі халықтың тілінде кең қолданысқа ие бөрік, тақия, fes, takke, külah сынды дәстүрлі бас киім атауларынан туындаған тұрақты тіркестер алынған. Фразеологизмдердің құрамындағы әрекет бағыты (мысалы, бөркін аспанға лақтырды, бөркін жерге ұрды) мен оның эмоциямен байланысы мәдени мазмұнмен тығыз астастырыла сипатталады. Сонымен қатар түрік тіліндегі Fesini havaya atmak, Takke düştü, kel gögündü, Külah takmak сияқты тұрақты тіркестер де ұлттық көзқарас пен әлеуметтік қатынас нормаларын білдіретін символдық мәнге ие екендігі дәлелденеді. Зерттеу нәтижесінде қазақ және түрік фразеологизмдерінің құрылымы мен мазмұнында ұқсастықтармен қатар, әр ұлттың тарихи-мәдени ерекшелігін танытатын айырмашылықтар да анықталады. Бұл өз кезегінде түркі тілдерінің этнолингвистикалық ортақтастығын айқындауға және фразеологизмдердің танымдық әлеуетін ашуға жол ашады. Мақалада қолданылған салыстырмалы, семантикалық және этнолингвистикалық талдау әдістері екі халықтың фразеологиялық қорын жүйелі түрде саралауға мүмкіндік береді. Осы арқылы ұлттық болмысты, мәдени кодты, тарихи жад пен таным жүйесін тіл арқылы тануға бағытталған маңызды ғылыми тұжырымдар жасалады.

**Түйін сөздер:** фразеологизм, этнолингвистика, бас киім атаулары, бөрік, мәдени код, салыстырмалы талдау, тұрақты тіркес.

Түсті: 08.06.2025; Жөнделді: 15.01.2026; Мақұлданды: 13.03.2026; Онлайн қолжетімді:  
31.03.2026

---

## Кіріспе

Фразеологизмдер – ұлттың рухани-мәдени болмысын бейнелейтін, тарихи жадын сақтайтын тілдік бірліктер. Фразеология саласында идиоматикалықтық – мотивация ұғымымен жиі байланыстырылып талқыланатын қасиет және ол фразеологиялық бірліктің түрі немесе оның құрамдас элементтері тұрғысынан да қарастырылады (Rodríguez, 2024).

Белгілі этнолингвист ғалым Ә. Қайдар фразеологизмдерді адамның іс-әрекетін, қалып-күйін, дүниетанымын бейнелейтін, танымдық мәні бар көркем сөз ретінде қарастырады (Қайдар, 1998). Халық мәдениетін таңбалайтын маңызды дереккөздердің бірі – оның тілі, тілінде қалыптасқан тұрақты тіркестері. Әсіресе адамның күнделікті өмірінде, тұрмыс-салтында маңызды орын алатын киім атауларына қатысты тұрақты тіркестер белгілі бір ұлттың этномәдени кодын тануға мүмкіндік береді. Түркі халықтарының тілінде кең таралған мұндай фразеологизмдер олардың өмір салтымен, дүниетанымымен, салт-дәстүрімен сабақтасып жатады. Көшпелі және жартылай отырықшы өмір салтын ұстанған түркі жұрты киім-кешекті табиғи ортаға бейімдеп ғана қоймай, оған сакральді мән де жүктеген. Киім – тек күнделікті қажеттілік емес, ол – мәдени таңба. Сондықтан түркі халықтарының киім-кешекке қатысты түсініктерін тілдік деректер арқылы зерттеу олардың әлемдік бейнесін тануға, ұлттық дүниетанымын тануға жол ашады. Бұл тұрғыдан алғанда, киімге қатысты фразеологиялық бірліктер түркі мәдениетінің концептілік картасын қалпына келтірудің маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Адамзат үшін өмір сүруді қамтамасыз ететін материалдық мәдениеттің бірі – киім-кешектің құндылығы жоғары (Алмауытова, 2004). Ж. Манкеева қазақ халқының негізгі киім түрлерін мынадай лексика-семантикалық топтарға бөледі:

- Сырт киім (ішек, шидем, шекпен, тон, күпі, қантама т.б.)
- Үстінен киетін киім: бешпент, қамзол, көйлек, шалбар, ақсырма т.б.
- Іш киім: дамбал, жейде, іш көйлек т.б.
- Бас киім: шәлі, орамал, қарқара, кимешек, күәлпара, желек, жаулық т.б.
- Әскери киім (құяқ, қаттау, кебенек, жарғақ шалбар, аймауыт т.б.)
- Аяқ киім (саптама, мәсі, кебіс, етік, байпақ, шарық т.б.) (Манкеева, 1997).

Киім белгілі дәрежеде адамдардың жас айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктері мен этникалық ортасын танытады. Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты хабардар етеді (Сағидолда, Қайратқызы, 2017). Сол сияқты, қолөнерін аударма тұрғысынан қарастырған қатысты атаулар белгілі бір ұлттың тарихы, рухани және материалдық мәдениеті, дүниетанымы мен өмір салты туралы көптеген ақпаратты ашады. Арнайы зерттеу барысында мамандар мен сарапшыларға таныс, бірақ жалпы жұртқа белгісіз мәселелер анықталуы мүмкін. Біз бұл білімнің жетіспеушілігінің себебін бір кезеңде күнделікті өмірде жиі қолданылған қолөнер бұйымдарының сирек қолданылуына немесе мүлдем қолданыстан шығуына байланысты деп есептейміз. Мұндай заттардың атауларын этнографиялық зерттеулерде, энциклопедияларда және тарихи тақырыптағы көркем шығармаларда табуға болатыны анық. Алайда олар басқа тілдік бірліктермен салыстырғанда сирек қолданылады, мамандар мен белгілі бір топ арасында танымал болғанымен, көпшілікке белгісіз болып қала береді. (Satenova et al., 2024).

Киім-кешек кешенінің ішінде бас киім түркі жұртында абыройдың, мәртебенің, жас ерекшелігінің, әлеуметтік мәртебенің ғана емес, рухани әлемнің де символы ретінде

---

қабылданған. Сондықтан оған қатысты қалыптасқан фразеологизмдерде ұлттың этнографиялық жады сақталады. Түркілер ұғымында бас киімнің семантикалық мәртебесі жоғары, оған көк әлемімен байланыстырылатын киелілік қасиет дарытылады (Сағидолда, Қайратқызы, 2017). Н. Шаханова бас киімнің сакральді мәнін құт ұғымымен байланыстырып, «бас – «құт» мекендейтін, ұялайтын орын» тұжырымын келтіреді (Шаханова, 1998).

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысында қазақ және түрік тілдеріндегі бас киім атауларына қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипатын анықтау мақсатында бірқатар лингвистикалық әдіс-тәсілдер қолданылды. Ең алдымен, қазақ және түрік тілдерінде қолданыстағы бас киім атаулары негізінде жасалған фразеологиялық тіркестер іріктеліп алынып, олардың құрылымы мен мазмұнына семантикалық талдау жүргізілді. Бұл тәсіл тұрақты тіркестердің тура және ауыспалы мағынасын, эмоциялық реңктерін, сондай-ақ символдық жүктемесін ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында салыстырмалы-типологиялық әдіс кеңінен қолданылып, екі тілдегі фразеологизмдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Әсіресе, фразеологиялық бірліктердің құрамындағы этнографизмдердің мәдени-танымдық мазмұнына ерекше назар аударылды. Бұл тәсіл қазақ және түрік халықтарының дүниетанымындағы ортақ концептілер мен ұлттық ерекшеліктерді ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеуде этнолингвистикалық талдау әдісі пайдаланылып, фразеологизмдердің халықтық таныммен, салт-дәстүрмен, мифтік ұғымдармен байланысы қарастырылды. Бас киімге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктердің тарихи-мәдени негізі мен символдық мәнін анықтау үшін контекстуалдық тәсіл қолданылды. Тұрақты тіркестердің мағынасы олардың қолданылу жағдаяттарымен бірге талданды, бұл олардың прагматикалық және коммуникативтік қызметін анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ когнитивтік лингвистика ұстанымдары негізінде адамның ішкі күйі мен мінез-құлқының фразеологиялық бірліктер арқылы бейнелену жолдары зерделенді. Бұл әдіс арқылы фразеологизмдердің астарлы мәні, кеңістіктік бағыттылығы және эмоциялық-көркемдік сипаты нақты үлгілер арқылы ашып көрсетілді. Зерттеу барысында алынған тілдік деректер ғылыми әдебиеттермен, фразеологиялық сөздіктермен және этнографиялық дереккөздермен салыстырыла отырып, кешенді талдау жүргізілді. Бұл әдіснамалық негіз фразеологизмдердің ұлттық-мәдени болмыстағы орнын, танымдық әлеуетін және түркілік дүниетаныммен сабақтастығын толық ашуға мүмкіндік береді.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Қазақ халқының тұрмыстық өмірінде ерекше мәнге ие бас киім түрлері бөрік, тымақ, тақия, қалпақ атауларына қатысты және түрік қоғамындағы маңызды бас киім түрлері саналатын *fes*, *hırka*, *külâh*, *takıyue* атауларына қатысты фразеологизмдерді талдаймыз. Аталған бас киім атаулары негізінде туындаған фразеологиялық бірліктердің танымдық ерекшелігін, ұқсастығын, екі халықтың мәдени өміріндегі айырмашылықтарды салыстырамыз. Бас киім атауына, одан туындаған фразеологиялық тіркес мәніне, тіркестің тұрақталу уәжіне талдау жүргіземіз.

**БӨРІК ≈ BÖRK.** Жиегіне теріден әдіп басылған, жұрындалған, жұқа жүн немесе жібек материалмен тысталған құлақсыз маусымдық баскиім. Бас киімнің бөрік аталуы қазақы ортада бөрінің киелі хайуан ретінде қастерленуіне байланысты болуы

---

мүмкін. Бөрік ілкіде ерекше қызметі бар киім түрі саналған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2013). «Бөрік» сөзі – түркі тілді халықтардың бәріне ортақ сөз. Бұл лексеманың этимологиясы жайлы ғалымдар әртүрлі пікір айтады (Сағидолда, Қайратқызы, 2017). Н. К. Дмитриев бөріктің аң терісінен жасалуына байланысты бұл атауды «бөрі» сөзімен байланыстырады (Дмитриев, 1948). Э. В. Севортян бөрік сөзінің (бү+рүк/бүрүк/бүрк) бөр-буру «жамылу» етістігіне -к сөз тудырушы жұрнағының жалғануы арқылы және фонетикалық құбылыстардың әсерінен жасалғанын айтады (Севортян, 1978). Бөрік бас киімі тек қазақ халқының емес, барлық түркі халықтарына ортақ киім үлгісі саналады. «Бөрік» атауы түрік тілінде «böğk» сөзінде қолданылады. Дегенмен бұл атауға қатысты түрік тілінде қалыптасқан фразеологиялық бірліктерді кездестірмедік.

Бөріктің қазақ қоғамындағы маңызы тілде тұрақталған тіркестерден байқалады. «Бөрік» сөзінен туындаған фразеологизмдердегі іс-әрекет сипаты оның халық өміріндегі рөлін білдіреді. Бөрік – тек тұрмыстық зат емес, ер адамның абыройын, мәртебесін, жасының, тіпті руының нышанын білдіретін киелі символ. Бас жоғарғы дене мүшесі болғандықтан, аспан әлемімен байланысты қарастырылады, сондықтан бөрік те салт-сакралді мәнге ие болған. Қазақ тілінде «бөрік» атауы арқылы тұрақталған «Бөрік аспанға лақтырды», «Бөрік жерге ұрды», «Бөрікпен ұрып жықты» фразеологизмдері кең қолданыста. Аталған фразеологиялық тіркестерде ерекше образдық бейнелеулер, іс-әрекеттер сипаты, қимылдың бейнелілігі көрініс тапқан.

*Бөрік аспанға атты/лақтырды.* Қатты қуанды, шаттықтан ерекше көңіл күйге бөленді. Адам қуанышының шегіне жеткенде оны жасыра алмай, сыртқа шығарады. Бөрікті аспанға лақтыру – бұл қуанышты айналамен бөлісу ырымы. Қазақ үшін бас киімді лақтыру – ерекше эмоцияның көрінісі. Ол тек қуанышта ғана рұқсат етілетін әрекет, өйткені бөріктің қоғамдағы қадірі жоғары. Жауды жеңіп, елге аман-есен оралған, сүйінші хабар есту сәттерінде бөрікті аспанға атқан. Бұл туралы Қазақтың этнографиялық категориялар еңбегінде былайша түсіндірілген: «Аса қуанышты жағдайды бастан кешкен, естіген, көрген адам сезім күйімен өзін қоярға жер таппай шаттыққа бөленеді. Бұндайды сырттай бақылаған адамдар қуанғаннан бөрік аспанға атты деп жатады. Қазақ бас киімін шешкенде құт кетеді деп шалқайтып тастамайды, аяқасты қылмай, жоғары іледі, киіп жүрген бас киімін ешкімге бермейді. Ал аспанға атып лақтыру ерекше жағдайда ғана атқарылған болуы мүмкін.

Сондай-ақ Бөрік жасырмақ, Бөрікпен ұруұлттық ойындарындағы Бөрікті алып қашу, Бөрікке таласу әрекеттері осынау бас киімнің көне заманда ғұрыптық қызмет атқарғандығының бір айғағы болса керек» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2013). Осы фразеологизмдегі қимылдың бағыты мен іс-әрекеттің қарқындылығына және символдық мәні мен астарлы мағынасына сәйкес келетін түрік тілінде *Fesini havaya atmak* (Çok sevinmek) тіркесі бар (Türk Dil Kurumu Sözlükleri). Мұндағы «fes» – түрік қоғамында кең таралған, символдық мәні жоғары бас киім түрі. Бұл қызыл түске боялатын жүннен жасалатын ерлер бас киімі (Копущу, 2014). Фразеологиялық тіркесті тікелей аударар болсақ, «Бас киімді (фесті) ауаға ату» мәнін аңдататынын байқаймыз. Екі фразеологизмдегі қимыл атауы, іс-әрекеттің өту қарқындылығы мен бағыты бірдей. Тек этнографиялық бірліктердің қолданысында ерекшелік болмаса, мазмұндық, символдық жағынан бір мазмұнға тоғысады. Екі тілдегі бұл екі фразеологизмнің арасына теңдік белгісін қоюға болады.

*Бөркін жерге ұрды.* Бел буып, іске кірісті, ерекше ынтамен әрекетке көшті. Бас киімді жерге ұру – әдетте рұқсат етілмейтін әрекет. Бірақ бұл жерде ол адамның ішкі серпілісін, ниетінің беріктігін көрсету үшін саналы түрде жасалған. Осылайша, тәуекелге бел буу әрекетінің символына айналған. Бөрікті тастау – ішкі кедергілерден арылу, өз еркін білдірудің нышаны.

*Бөрікпен ұрып жықты.* Оп-оңай жеңіске жетті, қарсыласын қиналмай-ақ жеңді. Бөрік – салмағы жеңіл, жұмсақ зат. Бөрікпен ұрып жығу шын мәнінде мүмкін емес. Бұл фразеологизмде гипербола, ирония жатыр. Яғни қарсыластың әлсіздігі сонша, оны тіпті бөрікпен де жеңуге болады деген мысқылды білдіреді. Мұнда кекесін, жеңісті астарлы түрде жеткізу мәні бар.

1-кесте. «Бөрік» сөзінен туындаған фразеологизмдердің мазмұндық кестесі

Фразеологизм	Анықтамасы	Қимыл бағыты	Эмоция түрі	Бейнелілік	Символдық мәні
<i>Бөрік</i> аспанға лақтырды <i>Fesini havaya atmak</i>	Қатты қуанды (Кеңесбаев, 2007).	Төменнен жоғарыға	Қуаныш, шаттық	Ашық, серпінді	Эмоцияның сыртқа жария көрінісі
<i>Бөрік</i> жерге ұрды	Бір нәрсеге жеңілденіп, бел шешіп кірісті (Кеңесбаев, 2007).	Жоғарыдан төменге	Жігер, шешім	Кенет, қарқынды	Іске шын көңілмен кірісу
<i>Бөрікпен</i> ұрып жықты	Оп-оңай жеңіске жетті (Кеңесбаев, 2007).	Жанама («жығу» етістігі қимылдың төменге бағытталғанын білдіреді)	Жеңіс, мысқыл	Гипербола, ирония	Қарсыластың әлсіздігін бейнелеу

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, «бөрік» сөзі арқылы жасалған фразеологизмдер іс-әрекетті ерекше бейнелі түрде сипаттай отырып, қазақ халқының дүниетанымын, эмоциясын, бағалау жүйесін тереңінен көрсетеді. Бұл тұрақты тіркестердің барлығы да қимылға негізделген, яғни белгілі бір әрекет арқылы адамның ішкі күйі, мінезі мен қоғамдағы орны тұспалдап беріледі. Олардың әрқайсында қимылдың бағыты, орындалу тәсілі, эмоциялық реңкі және символдық мәні айқын көрініс табады. Мәселен, «Бөрік аспанға лақтырды» фразеологизмінде қимыл төменнен жоғарыға бағытталған. Мұндағы лақтыру әрекеті – қуаныштың шарықтау шегі, ішкі сезімнің сыртқа шығуы. Қуаныш – жария эмоция, ол адам мен қоғам арасындағы байланысты нығайтатын ұжымдық күй ретінде көрінеді. Бұл тіркесте бөрікті аспанға лақтыру – қуаныштың салтанатты көрінісі, адамның ішкі толқынысын сыртқы әрекет арқылы көрсетудің символы. Мұнда бейнелілік серпінді, ашық және көтеріңкі көңіл күймен астасқан. Қимыл мен эмоция арасында табиғи сәйкестік бар. Ал «Бөрік жерге ұрды»/«*Fesini havaya atmak*» фразеологизмінде қимылдың бағыты жоғарыдан төменге бағытталған. Жерге ұру – кенет, батыл, шұғыл шешімді қажет ететін әрекет. Бұл жерде эмоция түрі ретінде жігер, белсенділік, ішкі серпіліс сипатталады. Іс-әрекет бейнесі адамның ішкі шешімі мен ниетін білдірудің нышаны ретінде танылады. Қазақ ұғымында бас киімді құрмет тұту дәстүрі бар екенін ескерсек, оны жерге лақтыру – әдеттегі нормадан ауытқу, яғни ерекше жағдай, бұл адамның тәуекелге бел байлағанын көрсететін символдық әрекет. Мұндағы бейнелілік қарқынды, драмалық сипатта. Үшінші фразеологизм ө

---

бейнелілік жағынан ерекше орын алады. Мұндағы қимыл жанама сипатта болғанымен, «жығу» етістігі арқылы қарсыластың жеңілісі, дәрменсіздігі көркем түрде жеткізіледі. Ең қызығы, бұл жерде бөрік сияқты жеңіл, салмақсыз зат қарсыласты құлататын күшке ие болып тұр. Бұл гиперболалық образ, яғни шындықты әдейі әсірелеу арқылы әсер қалдыру тәсілі. Эмоция – тікелей қуаныш емес, жеңіске жетудің мысқылды, ирониялы түрде беріледі. Қарсыласқа деген мүсіркеу не менсінбеу реңкі анық сезіледі. Жалпылай алғанда, бұл үш фразеологизмде де қимылдың бағыты мен түрі адам эмоциясының, ішкі күйінің көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Төменнен жоғарыға бағытталған қимыл – қуаныш пен серпілісті білдірсе, жоғарыдан төменге бағытталған әрекет – батыл шешім мен әрекетке көшу нышаны. Ал жеңіл затпен қарсыласты жығу – қазақ тілінің көркемдік қуатын, ирония мен гиперболаға негізделген бейнелеу тәсілін танытады. Сонымен қатар бұл фразеологизмдердің барлығында бөріктің әлеуметтік-мәдени мәртебесіне, оның қасиетті нышан екеніне деген көзқарас астарлы түрде сақталған. Бұл тіркестер – ұлттың көркемдік ойлау жүйесінің жарқын көрінісі.

**ТАҚИЯ ≈ ТАККЕ.** Кестелеп, сырып жасалған дөңгелек, жеңіл бас киім (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2013). Тақия – қазақ халқына ғана тән бас киім емес, ол көптеген түркі халықтарына ортақ киім үлгісі. Түркімен, өзбек, қырғыз, татар, ұйғыр, қарақалпақ, башқұрт, ноғай сияқты түркі халықтарының дәстүрлі киімдерінде де тақия кеңінен қолданылады. Әр ұлт оны өзінің эстетикалық талғамына, аймақтық ерекшелігіне, әлеуметтік салт-дәстүріне сай түрлендіріп тіккенімен, негізгі формасы мен қызметі ұқсас болып қала береді. Кейбір түркі халықтарында «төпе», «топы», «доппа», «тахия» деген атаулармен белгілі. Бұл сөздердің бәрі ортақ түркі түбірінен тараған және олардың барлығы да бастың жоғарғы бөлігін жауып тұратын, жеңіл әрі сәнді бас киім деген ортақ түсінікті береді. Тақия көбіне жұқа матадан, кейде барқыт, шұға, жібек сияқты маталардан тігілген, құлақсыз, төбесі дөңгеленіп келетін, жеңіл әрі ықшам бас киім. Қазақ қоғамында тақияны жасөспірімдер мен жастар, қарапайым халық өкілдері жиі киген. Ерлерге арналған тақия қарапайымдау, әйелдер мен қыз-келіншектердің тақиясы көбіне ою-өрнекпен, моншақ, кестемен безендірілетін болған. Қазақтың дәстүрлі танымында тақия – қарапайымдылықтың, күнделікті тіршіліктің, бейбіт өмірдің символы. Егер салтанатты бас киім ретінде бөрік, тымақ киілсе, тақия көбіне тұрмыстық, бейресми жағдайда қолданылады. Фразеологизмдердегі тақия сөзі өзінің заттық табиғаты арқылы семантикалық, символдық мәдени мазмұнға ие болады. Ол адамның әлеуметтік мәртебесі, дүниетанымы, психологиялық күйі мен кеңістіктік түсінігін жеткізетін құрал ретінде қызмет атқарады. Бұл тіркестерді қазақ тіліндегі зат пен сана арасындағы символдық байланыстың жарқын көрінісі деуге болады.

«Тақия» сөзінен туындап, кең қолданыстағы «*Тақияда тамтығы қалмады*», «*Тақияң жерге түсердей*», «*Тақияңа тар келе ме?*» фразеологизмдерінің мәніне, пайдалу уәжіне назар салып көрейік. 1. *Тақияда тамтығы қалмады.* Тақия көбіне кедей адамның киімі саналғандықтан, одан да айырылу жоқшылықтың ең төменгі шегін білдіреді. Бас киімнен айрылу – рухани, әлеуметтік күйреуді білдіретін астарлы ишара. Тақия бұл тіркесте тұрмыстық минимумның көрсеткіші ретінде алынған. 2. *Тақияң жерге түсердей.* Басқа жеңіл тұрғандықтан, жоғарыға шыққанда түсіп кетуі мүмкін. Тақия бұл тіркесте кеңістікті елестету құралы ретінде қолданылған. Жеңіл, төбеде тұратын заттың «жерге түсіп кетердей» биіктікке көтерілу арқылы фразеологизм биіктіктің әсерін, таңданысты жеткізеді. Мұнда тақияның физикалық жеңілдігі мен орны

(басында) кеңістіктік салыстыру мен көркем бейнелеудің негізіне айналған. 3. *Тақияңа тар келе ме?* Тақия – жеке адамның басына дәл келетін, өлшеммен тігілетін бас киім. Қарапайым нәрсені де азсынып тұрған адамға қарата айтылады. Бұл тіркесте тақия қанағаттың, қарапайымдылықтың өлшемі ретінде көрінеді. «Тақияңа тар келе ме» сұрағы метафоралық түрде адамның тәкаппарлығын, қанағатсыз мінезін әшкерелеуге бағытталған. Мұнда өлшем мен мінездің арақатынасы анық байқалады: өзіне дәл келетін нәрсені де тарсынып қабылдамау – ішкі астамшылықтың көрінісі.

2-кесте. «Тақия» сөзінен туындаған фразеологизмдердің мазмұндық кестесі

Фразеологизм	Анықтамасы	Белгі	Символдық мәні
Тақияда тамтығы қалмады	Бар мал-мүліктен айырылды, барынан жұрдай болды (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).	Арзандығы, қарапайымдылығы	Түгі қалмаған, ең төменгі жоқшылықтың өлшемі
Тақияң жерге түсердей	Зәулім, биік (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).	Жеңілдігі, төбеде тұратындығы	Биіктік әсерін білдіру, таңданыс туғызу
Тақияңа тар келе ме?	Бір нәрсені азырқап, қомсынған адамға осы да жетер деген ұғымда айтылады (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).	Өлшемге дәл келуі, арзандығы	Қанағатсыздықты, тәкаппарлықты әжуалау

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, «тақия» сөзіне негізделген фразеологизмдер оның заттық сипаттарына сүйене отырып, адам болмысының әртүрлі қырларын — материалдық жағдайын, психологиялық мінезін, кеңістікке деген қатынасын бейнелі түрде жеткізеді. Бұл фразеологизмдерде тақияның қолжетімділігі, жеңілдігі, өлшемге сәйкестігі символдық деңгейге көтеріліп, ұлттық таным мен әлеуметтік көзқарасты білдіретін көркем тәсілге айналған.

Түрік тілінде «тақия» сөзі «takke» формасында қолданылады. Түрік тілінде аталған сөзге қатысты «Takke düştü, kel gögündü» фразеологиялық тіркесі бар. Бұл тұрақты тіркес «өтірігі шықты», «шын бет-бейнесі ашылды» дегенді білдіреді (Копуцу, 2014). Сөзбе-сөз аударар болсақ, «тақиясы түсіп қалды, басының тазы көрінді». Яғни жасырып жүрген, ешкімге көрсетпей жүрген өтірігі ашылды дегенге саяды. Бұл тұрақты тіркес бейнелі суреттеу арқылы астарлы мәнге меңзейді. Тақия басында болғанда оның басының таз екені көрінбейді деген логикалық мән қазақ тіліндегі «Бас жарылса, бөрік ішінде» мәтеліне қиюлас келеді. Сонда мұнда тақия (takke) сыртқы жамылғы ретінде көрініс тапса, «таз» ұғымы масқаралықтың, кемшіліктің символы ретінде алынған. Түркі халықтарының, соның ішінде түрік ұлтының мәдени-рухани өмірінде тақия (takke) – терең символдық мағынаға ие дәстүрлі бас киім. «Takke düştü, kel gögündü» фразеологизмі осы тақияның мәдени рөлі мен танымдық мәнін ашуға мүмкіндік береді. Бұл тұрақты тіркес бір жағынан тұрмыстық жағдайға негізделгендей көрінгенімен, екінші жағынан түріктердің дүниетанымындағы сыр, абырой, әшкере болу сынды күрделі ұғымдар жүйесін бейнелейді. Осы фразеологиялық бірліктің синонимы ретіндегі «Fes düştü, kel açıldı» тұрақты тіркесі қолданылады. Мұндағы фразеологизмнің мағынасы да алдыңғы тіркеспен мазмұндас келеді. Бас киім атауында ғана ерекшелік бар. Қазақ және түрік тілдерінде де жарыспалы сипатта негізгі этнографизм бас киім атауы ауысып отыра береді. Осы фразеологизмнің екінші бір нұсқасы fes атауымен келеді. Мысалы, Fes düştü, kel açıldı. Мағыналық, мазмұндық, қолданыстық жағынан бірдей сипат алады.

---

Тақия – мұсылман ерлерінің бас киімі ретінде діни, моральдық, әрі әлеуметтік мәнге ие. Ол көбіне тазалықтың, адамгершіліктің және ұяттың символы саналады. Түрік қоғамында тақия кию дінге адалдықтың, әдептіліктің, әрі біршама беделдің белгісі ретінде қабылданған. Сонымен қатар тақия бас киім ретінде адамның кемшілігін, мысалы, тазды жасырып тұратын утилитарлық қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, «тақияның түсіп қалуы» – адамның өзін сырттай безендіріп, жұртқа жақсы көрінуге тырысқан кейпінің бұзылуы, яғни сыртқы жалған беделдің, бетперденің сыпырылуы. Ал «таздың» көрінуі – шынайы болмыс пен жасырын кемшіліктің ашылуы, әшкереленуі. Бұл тіркес арқылы түрік халқының адам болмысына, оның екіжүзділігіне, жалғандығына деген көзқарасы да айқындалады: қандай жағдай болмасын, шындықтың беті ашылады, жалған абырой ұзаққа бармайды. Этнолингвистикалық аспектіде бұл фразеологизм тақия сөзінің тек заттық мағынасынан шығып, мәдени-әлеуметтік кодқа айналғанын көрсетеді. Ол – тіл арқылы сақталған мәдени жадының бір көрінісі. Тақия – киім ғана емес, ол адамның өз-өзін көрсету жолындағы айласының, жалған беделінің, кейде тіпті қоғам алдындағы екіжүзді мінезінің символы. Сол себепті де «тақияның түсіп қалуы» – жай ғана киімнің түсуі емес, рухани күйреудің, жалған образдың күйреуінің белгісі.

**KÜLAH.** Анадолыда киізден жасалатын бас киім түрі. Бұл бас киімді көбіне ақсүйектер киетін болған. Негізінен түрік тіліне парсы тілінен енген кірме сөз болғанымен, бұл бас киімнің түрік қоғамындағы маңызы және фразеологиялық бірлік тұзудегі әлеуеті жоғары. Өйткені түрік тілінде бұл сөзден туындаған тұрақты тіркестер саны біршама. Мысалы, *Kulah giydirmek.* Hıleyle, oyunla aldatmak (Türk Dil Kurumu Sözlükleri). *Kulahını ters giydirmek.* Çok kurnaz olmak uşmak (Türk Dil Kurumu Sözlükleri). *Kulah takmak.* Hıleyle, oyunla kandırıp parasını almak (ТДК). *Kulahıma anlat.* Söylediklerin hiç de inandırıcı değil, sana inanmıyorum» anlamında kullanılır (ТДК). Бұл фразеологизмдердің мағынасы мен туындау уәжіне, символдық мәніне назар салып көрейік.

*Kulahıma anlat.* В. Копушу еңбегінде бұл тіркестің мағынасын «Саған сенбеймін, қалпағымаайт», - деп түсіндіреді (Копушу, 2014). Бұйрықрай формалы бұл фразеологизмде кекесін, мысқыл, бұйыру, күмәндану мәндері бар. Түркі тілділерге фразеологизмнің дыбысталуының өзінен оның логикалық мәні түсінікті. Етістіктің бұйрық райда келуі, бағыныңқы сөздің бірінші жақта тұруы қандай да бір келіспеудің барын аңдатады. Бұл фразеологизмді қазақ тіліндегі «Атаңның басы» қолданысымен логемалық байланыста қарауға болатын секілді. Фразеологизмдердің құрамындағы сөздер мен іс-әрекет сипаты ұқсамағанымен, мазмұндық жағында, дыбысталуында байланыс сезіледі. Яғни фоно-семантикалық тұрғыдан қисындылықты, байланысты байқаймыз. Түрік мәдениетінде «kulah» көбіне дәруіштердің, сопылардың немесе білімгерлердің ерекше бас киімі болған. Ол киім абырой, білім, руханият нышаны ретінде қабылданған. Бірақ «қалпағыма түсіндір» деу – ондай бос сөзге тіпті бас киімім де сенбейді деген ирония мен мысқыл түріндегі күмәнді білдіреді. «Сөзіңнің соншалықты қисынсыздығынан, оны адам емес, бас киім тыңдасын» дегенді меңзейді. Бұл – сөйлеушінің сөзін түкке алғысыз ету тәсілі. Түрік тілінде «күләһ» сөзінен туындаған фразеологиялық тіркестер «алдау», «өтірік айту» мағынасында жиі жұмсалады. *Fesini havaya atmak* фразеологизмінің варианты саналатын *Kulahını havaya atmak* оралымында ғана қуанышты, жоғары эмоционалдық фонды білдіретін мағынада жұмсалады.

*Kulahını ters giydirmek* – алдап соғу (Копушу, 2014). Фразеологиялық тіркесті аударар болсақ, «бас киімді теріс кигізу» мәнін байқаймыз. Ал ауыспалы мәнінде «алдап соғу», «алдап кету», «тақырға отырғызу» секілді семантикаларды қамтиды. Қазақ тілінде осы

---

фразеологизммен төркіндес, мазмұндас «қалпағын қайыру» оралымы бар. Фразеологизм құрамындағы бейнелі әрекет пен этнографизмдердің сипаты да бірдей. Сол әрекеттен туындаған ауыспалы мән де ұқсас келеді. Демек осы тұста бас киімнің қоғамдағы рөлі мен халық танымындағы маңызы ұқсас екендігін байқауға болады. Бас киімді теріс кигізу екі тілде де алдау, қарсы әрекет ету мағынасын береді. Қазақ тілінде «қалпағын қайыру» тіркесі орнына қою, есесін жібермеу мағыналарымен де астасады.

*Külahları değişmek* – аралары суып кету (Копуцу, 2014). Тура мағынасында бас киімді ауыстыру мәнін беретін бұл тұрақты тіркес қазақ тіліндегі «өзгенің тонын жамылу» оралымына қисындас келеді. Екі тілде де киім атауына қатысты қолданылған фразеологизмнің түпкі мәні, пайда болуы уәжі мәдениеттердің жақындығын аңдатады. Бас киімді ауыстыру арақатынасты ұзу, ажырасу мағынасын білдіре отырып, бейнелі іс-әрекет арқылы ауыс мәнді жеткізеді. Бұл фразеологизмнің бойында да бейнелі әрекет айқын көрінеді. Түрік тұрақты тіркестерінің жасалу жолы мен туындау уәждері, тілдік табиғаты мен тіркес құрамындағы сөздердің позициялары ұқсас.

*Külah takmak* – арамдықпен ақшасын жымқыру (Копуцу, 2014). Түрік тілінде «күләһ» сөзінің өзі ауыспалы мағынасында «арамдық», «өтірік» семаларын білдіреді. Сондықтан бас киім атауы болғанымен бұл сөз арқылы туындаған фразеологизмдерде «алдау, арбау», «өтірік айту» әрекеттері жанама түрде беріліп отырады. ***Külah takmak*** фразеологизмі де сол секілді. «Бас киім кию» мәнін беретін тұрақты тіркестің құрамындағы сөздердің коннотациялық мазмұны дайын тілдік бірліктің мағынасының нақтылануына алып келген.

Қазақ тіліндегі бөрік, тақия және түрік тіліндегі *fes*, *takke*, *külah* секілді бас киім атауларынан өрбіген фразеологизмдер талданып, олардың қимыл бағыты, эмоциялық реңкі, бейнелілік сипаты мен символдық мәні арқылы екі халықтың дүниетанымы мен мәдени коды айшықталды. Бөрікке қатысты «Бөрік аспанға лақтырды», «Бөрік жерге ұрды», «Бөрікпен ұрып жықты» тәрізді тұрақты тіркестер қазақ қоғамындағы қуаныш, батыл шешім және ирония ұғымдарын әрекет арқылы бейнелесе, түрік тіліндегі «*Fesini havaya atmak*», «*Takke düştü, kel göründü*», «*Külahını ters giydirmek*» сияқты оралымдар сол эмоциялық-мәндік желіні сақтай отырып, алдау-әшкерелеу, жалған беделдің күйреуі секілді реңктерді көрсетеді. Осылайша, ұқсас этнографемаларға негізделген фразеологизмдер ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, ортақ түркі дүниетанымындағы әрекетті рәміздік тілге айналдырудың әмбебап когнитивтік моделін дәлелдейді.

### Қорытынды

Зерттеу барысында қазақ және түрік тілдеріндегі дәстүрлі бас киім атауларынан туындаған фразеологизмдер талданып, олардың семантикалық өрісі мен мәдени-танымдық астарлары анықталды. Бөрік, тымақ, тақия, қалпақ (қазақ тілінде) және *fes*, *takke*, *külah* (түрік тілінде) сияқты этнографиялық лексемалар фразеологизмдердің құрамында тек киім атауы ретінде ғана емес, белгілі бір эмоциялық, бағалауыштық және символдық мәнге ие бейнелі құрал ретінде көрініс тапты. Аталған тұрақты тіркестер арқылы екі халықтың ұлттық дүниетанымы, салт-санасы мен тарихи-мәдени тәжірибесі бейнеленіп, когнитивтік модельдеу арқылы ортақ және өзгешелік сипаттары айқындалды. Фразеологизмдерде бас киімнің кеңістікте қозғалысы (лақтыру, кию, шешу, айналдыру т.б.) арқылы адамның ішкі күйі, қоғамдағы орны немесе әлеуметтік мінез-құлқы ишарамен жеткізіліп, бейнелілік пен астарлы мағына түзіледі. Бұл – ұлттық

---

болмысқа тән ойлау жүйесінің тілдік көрінісі. Сонымен қатар, екі тілде де тұрақты тіркестер белгілі бір тілдік нормаға айналып, прагматикалық қызмет атқарады. Бұл тілдік бірліктерді салыстыра зерттеу фразеологиялық қордың этномәдени мазмұнын тереңірек тануға, әрі түркі тілдерінің ішкі типологиялық ұқсастығы мен ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Жалпы, бас киімге қатысты фразеологизмдер – екі халықтың тарихи жады, эстетикалық танымы және әлеуметтік қатынас мәдениетін танытатын құнды тілдік бірліктер. Осы бағыттағы зерттеулерді кеңейту ұлттық фразеологияны семиотикалық, когнитивтік және этнолингвистикалық аспектіде зерделеуге жол ашады.

### **Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат**

ЖИ мүмкіндіктері ішінара сөйлем құрылымын ықшамдау, ғылыми стильді біріздендіру, кейбір тіркестердің редакциялық нұсқаларын салыстыру, библиографиялық деректерді дұрыс форматтау, транслитерациялау, сондай-ақ, халықаралық дәйексөз келтіру стандарттарына (APA) сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылды.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

**Авторлардың қосқан үлесі.** Тұрғанбаева Қымбат Мұратжановна – зерттеу тақырыбы мен мақсатын айқындады және тұжырымдамалық негізін жасады. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасады және зерттеу жұмысының теориялық бөлігін жазды. Жариялау үшін мақала нұсқасын бекітті және жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапкершілікті өзіне алды.

Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы – мақаланың лингвистикалық терминологиясын нақтылады және қолданылған әдістер мен дереккөздерге талдау жүргізді. Ғылыми стильде жазылуын қадағалап, мәтін тұтастығына назар аударды. Терминологиялық бірізділікті қамтамасыз етті.

Барлық авторлар зерттеу жұмысының мазмұнымен нәтижелеріне толық жауапкершілік алып, мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бірауыздан келісім берді.

### **Әдебиеттер тізімі**

Алмауытова Ә. (2004). Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Алматы

Дмитриев Н. К. (1948). Грамматика башкирского языка. Издательство Академии Наук СССР.

Кеңесбаев І. (2007). Фразеологиялық сөздік. Алматы: Арыс.

Копущу В. (2014). Название традиционных головных уборов в турецком и гагаузском языках. Комрат.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Том. 13. (2011). Алматы: Тілтаным.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. (2013). Алматы.

Қайдар Ә. (1998). Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі.

Манкеева Ж. (1997). Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Алматы.

Сағидолда Г., Қайратқызы Ә. (2017). Қазіргі түркі халықтарының дәстүрлі киім үлгілеріндегі ортақтықтар мен ерекшеліктерді «мәдениет: тіл: қоғам» үштігі контексінде зерттеудің маңызы. Ахмет Яссауи университеті. Түркология, 84(4), 93-102.

Севортян Э. В. (1978). Этимологический словарь тюркских языков. Москва: Наука.

Шаханова Н. (1998). Мир традиционной культуры казахов. Алматы: Қазақстан.

Rodríguez, P.R. (2024). El papel de la idiomática fraseológica en la formación de traductores. Cadernos De Tradução, 44(1), 1–18. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95609>

---

Satenova S.K., Mizamkhan B., Akizhanova D.M. (2024). Ethnolinguistic nature of linguistic units related to jewellery art. Bulletin. Series: Philology, 75(4), 227-238. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.015>

Türk Dil Kurumu Sözlüklerİ [Электронды ресурс]. URL: <https://sozluk.gov.tr/>

**К.М. Турганбаева<sup>1\*</sup>, К.К. Саркенова<sup>2</sup>, Н.Б. Тогызбай<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

<sup>3</sup>*Национальный центр тестирования, Астана, Казахстан*

### **Фразеологизмы с компонентом головных уборов в казахском и турецком языках: этнолингвистический аспект**

**Аннотация.** В статье выделяются содержательные особенности, семантическая структура и культурная подоплека фразеологизмов, относящихся к названиям головных уборов в казахском и турецком языках, рассматриваются их сходства и различия с этнолингвистической точки зрения. Исследовательская работа направлена на раскрытие общих языковых архетипов и культурного продолжения тюркских народов, а также на уточнение выражения фразеологизмов по отношению к национальному бытию. В качестве объекта исследования взяты устойчивые выражения, возникшие из традиционных названий головных уборов, таких как бөрік, тақия, fes, takke, külah, которые широко используются в языках двух народов.

Характерная направленность действия в составе фразеологизмов и его связь с эмоциями тесно переплетаются с культурным содержанием. Также доказано, что устойчивые выражения в турецком языке, такие как Fesini havaya atmak, Takke düştü, kel göründü, Külah takmak, также имеют символическое значение, выражая национальные взгляды и нормы социальных отношений. В результате исследования выявлены как сходства в структуре и содержании казахских и турецких фразеологизмов, так и различия, отражающие историко-культурную специфику каждой нации. Это, в свою очередь, позволяет выявить этнолингвистическую общность тюркских языков и раскрыть познавательный потенциал фразеологизмов. Применяемые в статье методы сравнительного, семантического и этнолингвистического анализа позволяют систематически дифференцировать фразеологический фонд двух народов. Благодаря этому делаются важные научные выводы, направленные на познание национальной идентичности, культурного кода, исторической памяти и системы познания мира через язык.

**Ключевые слова:** фразеологизм, этнолингвистика, название головных уборов, бөрік, fes, культурный код, сравнительный анализ, устойчивые словосочетания.

**К.М. Turganbayeva<sup>1\*</sup>, К.К. Sarekenova<sup>2</sup>, N.B. Togyzbai<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*National Testing Center, Astana, Kazakhstan*

### **Phraseologisms related to the names of hats in the Kazakh and Turkish languages: Ethnolinguistic nature**

**Abstract.** The article analyzes the content features, semantic structure and cultural background of phraseology related to the names of hats in the Kazakh and Turkish languages, their similarities and differences are considered from an ethnolinguistic point of view. The research work aims to contribute to the disclosure of common linguistic archetypes and cultural continuity of the Turkic peoples, as well as to clarify the reflection of phraseology in relation to national identity. As an object of study, stable expressions derived from traditional headdress names such as Berik, turban, fes, takke, külah, which are widely used in the languages of both peoples, were taken. Especially in the composition of phraseology, the direction of action (for example, a Burk was thrown into the air, a Burk was hit on the ground) and its connection with emotions are characterized by close interweaving with cultural content. At the same

---

time, it is proved that stable expressions in Turkish, such as Fesini air Atatürk, Takke çalı, kel göldü, Küllah takmak, also have a symbolic meaning, expressing the national attitude and norms of social attitudes. As a result of the study, in addition to similarities in the structure and content of Kazakh and Turkish phraseology, differences are also revealed that reflect the historical and cultural identity of each nation. This, in turn, will allow us to identify the ethnolinguistic commonality of Turkic languages and reveal the cognitive potential of phraseology. The methods of comparative, semantic and ethnolinguistic analysis used in the article allow us to systematically differentiate the phraseological fund of the two peoples. Through this, important scientific conclusions are made aimed at recognizing the national identity, cultural code, historical memory and system of cognition through language.

**Keywords:** phraseology, ethnolinguistics, names of hats, borik, fes, cultural code, comparative analysis, stable phrase.

## References

Almautova, A. (2004). Kazak tilindegi kiim ataularynyn etnolingvistikalıyq tabıgaty [The ethnolinguistic nature of clothing terms in the Kazakh language] (PhD thesis in Philology). Almaty. (Kazakh)

Dmitriev, N. K. (1948). Grammatika bashkirskogo yazyka [Grammar of the Bashkir language]. Moscow: Academy of Sciences of the USSR. (Russian)

Kenesbaev, I. (2007). Frazelogiyalyk sozdik [Phraseological dictionary]. Almaty: Arys. (Kazakh)

Kopushchu, V. (2014). Nazvanie traditsionnykh golovnykh uborov v turetskom i gagauzskom yazykakh [Names of traditional headwear in Turkish and Gagauz languages]. Komrat. (Russian)

Kazak adebi tilinin sozdigi. Vol. 13 [Dictionary of the Kazakh literary language. Vol. 13]. (2011). Almaty: Til-tanym. (Kazakh)

Kazaktyn etnografıyalyk kategoriyalar, uıymdar men ataularynyn dasturli juiesi [Traditional system of ethnographic categories, concepts and terms of the Kazakhs]. (2013). Almaty. (Kazakh)

Kaidar, A. (1998). Kazak tilinin ozekti maseleleri [Topical issues of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili. (Kazakh)

Mankeeva, Zh. (1997). Kazak tilinin zattyk madeniet leksikasy [The vocabulary of material culture in the Kazakh language] (Doctoral dissertation abstract in Philology). Almaty. (Kazakh)

Saghidolda, G., & Kairatkyzy, A. (2017). On the importance of studying similarities and differences in traditional clothing of modern Turkic peoples in the context of the «culture: language: society» triad. *Turkology*, 4(84), 93-102. (Kazakh)

Sevortyan, E. V. (1978). Etimologicheskiy slovar tyurkskikh yazykov [Etymological dictionary of Turkic languages]. Moscow: Nauka. (Russian)

Shakhanova, N. (1998). Mir traditsionnoy kultury kazakhov [The world of Kazakh traditional culture]. Almaty: Kazakhstan. (Russian)

Rodriguez, P. R. (2024). El papel de la idiomacidad fraseologica en la formacion de traductores. *Cadernos de Traduccıon*, 44(1), 1-18. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95609>

Satenova, S. K., Mizamkhan, B., & Akizhanova, D. M. (2024). Ethnolinguistic nature of linguistic units related to jewellery art. *Bulletin. Series: Philology*, 75(4), 227-238. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.015>

Turk Dil Kurumu. (n.d.). TDK sozlukleri [Dictionaries of the Turkish Language Institution]. <https://sozluk.gov.tr/> (Turkish)

## Авторлар туралы мәлімет:

**Тұрғанбаева Қымбат Мұратжановна** – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: [kymbat-9697@bk.ru](mailto:kymbat-9697@bk.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4597-3029>

**Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: [sarekenova\\_kk@enu.kz](mailto:sarekenova_kk@enu.kz), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1383-2247>

---

**Тоғызбай Нұрғұл Батырбекқызы** – Ұлттық тестілеу орталығы, Астана, Қазақстан. E-mail: nurgul.9bai@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8644-6830>

**Турганбаева Кымбат Муратжановна** – автор для корреспонденции, докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: kymbat-9697@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4597-3029>

**Сарекенова Карлыгаш Курмангалиевна** – к. ф. н., профессор, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: sarekenova\_kk@enu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1383-2247>

**Тоғызбай Нұрғұл Батырбекқызы** – Национальный центр тестирования, Астана, Казахстан. E-mail: nurgul.9bai@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8644-6830>

**Turganbayeva Kymbat Muratzhanovna** – corresponding author, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: kymbat-9697@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4597-3029>

**Sarekenova Karlygash Kurmangalieva** – Candidate of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sarekenova\_kk@enu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1383-2247>

**Togyzbai Nurgul Batyrbekkyzy** – National Testing Center, Astana, Kazakhstan. E-mail: nurgul.9bai@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8644-6830>



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).